

1. ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ АТАУЫ

Линезолит, 2 мг/мл, инфузияға арналған ерітінді

2. САПАЛЫҚ ЖӘНЕ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

2.1 Жалпы сипаттамасы

Линезолит

2.2 Сапалық және сандық құрамы

300 мл ерітіндінің құрамында

белсенді зат – 600 мг линезолит,

қосымша заттар: препараттың әрбір мл құрамында 50,24 мг (15,072 г/300 мл) декстроза моногидраты, 0,38 мг (114 мг/300 мл) натрий бар.

Қосымша заттардың толық тізімін 6.1-тармағынан қараңыз.

3. ДӘРІЛІК ТҮРІ

Инфузияға арналған ерітінді

Мөлдір түссіз ерітінді.

4. КЛИНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

4.1 Қолданылуы

- линезолитке сезімтал анаэробты және аэробты грамаң микроорганизмдерден туындаған (бактериемиямен қатар жүретін инфекцияларды қоса) инфекциялық-қабыну ауруларын емдеу үшін:

- бактериемиямен қатар жүретін жағдайларды немесе *Staphylococcus aureus* қоса (тек метициллин-сезімтал штаммдар), *Streptococcus pneumoniae*-ден туындаған (полирезистентті штаммдарды қоса) ауруханадан тыс пневмонияда

- *Staphylococcus aureus*-тен (метициллин-сезімтал және метициллин-төзімді штаммдарды қоса) немесе *Streptococcus pneumoniae*-ден туындаған (полирезистентті штаммдарды қоса) ауруханалық пневмонияда

- диабеттік табан синдромы кезіндегі, остеомиелитпен қатар жүрмейтін, *Staphylococcus aureus*-тен (метициллин-сезімтал және метициллин-төзімді штаммдарды қоса), *Streptococcus pyogenes* немесе *Streptococcus agalactiae*-ден туындаған инфекцияларды қоса, тері мен жұмсақ тіндердің асқынбаған және асқынған инфекцияларында

- *Enterococcus faecium*-ден туындаған, соның ішінде бактериемиямен қатар жүретін ванкомицинге төзімді инфекцияларда.

4.2 Дозалау режимі және қолдану тәсілі

Дозалау режимі

Емдеуді линезолиттің инфузиялық ерітіндісінен немесе қабықшамен қапталған таблеткалардан бастауға болады.

Емнің басында препараты в/і тағайындаған пациенттерді кейіннен ішке қабылдау үшін кез келген дәрілік түрге ауыстыруға болады. Бұл жағдайда дозаны таңдау қажет емес, өйткені ішке қабылдаған кезде биожетімділік шамамен 100% құрайды.

Ересектерге арналған ұсынылатын доза және емдеу ұзақтығы:

Дозалау режимі мен емдеу ұзақтығы қоздырғышқа, инфекцияның орналасуы мен ауырлығына, сондай-ақ клиникалық тиімділігіне байланысты. Емдеу ұзақтығы бойынша келесі ұсынымдар клиникалық сынақтарда қолданылатын ұсынымдарға сәйкес келеді. Инфекцияның кейбір түрлері үшін қысқа емдеу режимі қолданылуы мүмкін, бірақ олар клиникалық зерттеулерде бағаланбаған. Емдеудің максималды ұзақтығы 28 күн құрайды. 28 күннен астам уақыт бойы қолданылатын линезолиттің қауіпсіздігі мен тиімділігі жеткіліксіз зерттелген (4.4-бөлімді қараңыз). Ілеспе бактериемиясы бар инфекциялар кезінде ұсынылған дозаны немесе емдеу ұзақтығын арттыру талап етілмейді.

Инфузиялық ерітінді мен таблеткаларды мөлшерлеу бойынша ұсыныстар бірдей және келесідей:

Инфекциялар	Дозалау	Емдеу ұзақтығы
Госпитальдік пневмония	Тәулігіне екі рет 600 мг	10-14 күн ішінде
Ауруханадан тыс пневмония		
Тері мен жұмсақ тіндердің асқынған инфекциялары	Тәулігіне екі рет 600 мг	

Пациенттердің ерекше топтары

Балалар

Балалар мен жасөспірімдердегі (<18 жас) линеволидтің қауіпсіздігі мен тиімділігі жеткіліксіз зерттелген. Қол жетімді деректер 4.8, 5.1 және 5.2 бөлімдерінде сипатталған, бірақ дозалау бойынша ұсыныстар берілмейді.

Егде жастағы пациенттер

Дозаны түзету қажет емес.

Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттер

Дозаны түзету қажет емес. Алайда, тек шектеулі клиникалық тәжірибе бар және мұндай пациенттерге линеволидті күтілетін пайда теориялық қауіптен асқан кезде ғана қолдану ұсынылады (4.4 және 5.2-бөлімдерді қараңыз). Инфузиялық ерітіндіні 30-дан 120 минутқа дейін енгізу керек

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттер

Дозаны түзету қажет емес (4.4 және 5.2-бөлімдерді қараңыз).

Бүйректің ауыр жеткіліксіздігі (креатинин клиренсі <30 мл / мин):

Дозаны түзету қажет емес. Бүйректің ауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерде линеволидтің екі негізгі метаболиттерінің неғұрлым жоғары экспозициясының (10 есеге дейін) клиникалық мәні белгісіз болғандықтан, линеволидті осы пациенттерде ерекше сақтықпен және күтілетін емдік пайдасы теориялық пайдадан асқан кезде ғана қолдану керек.

Линеволид дозасының шамамен 30%-ы гемодиализдің 3 сағат ішінде шығарылады. Сондықтан, осындай ем қабылдайтын пациенттерге диализден кейін линеволид тағайындау керек. Линеволидтің бастапқы метаболиттері гемодиализ кезінде белгілі бір дәрежеде алып тасталады, бірақ бұл метаболиттердің концентрациясы диализден кейін бүйрек функциясы қалыпты немесе бүйрек функциясының жеңіл немесе орташа жеткіліксіздігі бар пациенттерге қарағанда әлі де жоғары.

Линеволидті бүйрек функциясының ауыр жеткіліксіздігі бар диализді пациенттерде және күтілетін пайда теориялық қауіптен асқан кезде ғана аса сақтықпен қолдану керек. Қазіргі уақытта үздіксіз амбулаториялық перитонеальді диализ (CAPD) немесе бүйрек жеткіліксіздігі (гемодиализден басқа) бойынша басқа ем алатын пациенттерге линеволидті қолдану тәжірибесі жоқ.

Қолдану тәсілі

Линозид вена ішіне тамшылатып қолданылады. Препараттың венаішілік инфузиясы 30-120 минут ішінде жүргізіледі. Инфузияға арналған ерітіндіге басқа препараттарды қосуға тыйым салынады. Егер Линозид препаратының инфузиясы басқа дәрілік заттармен бір мезгілде тағайындалса, онда әр препарат ұсынылған дозалау режимі мен енгізу тәсіліне сәйкес бөлек-бөлек енгізілуі тиіс.

Линозид фармацевтикалық тұрғыдан келесі препараттармен үйлесімсіз: амфотерицин В, хлорпромазин гидрохлориді, диазепам, пентамидин изотионаты, фенитоин натрий, эритромицин лактобионаты, триметопримсульфаметоксазол, цефтриаксон.

Инфузияға арналған ерітінділермен үйлесімді: 5% декстроза ерітіндісі, 0,9% натрий хлоридінің ерітіндісі, инъекцияға арналған Рингер лактат ерітіндісі.

Препараттың дозасын инфекцияның орналасу мен ағымының ауырлығына, сондай-ақ микроорганизмдердің сезімталдығына, пациенттің жалпы жағдайына байланысты жекелей таңдайды.

4.3 Қолдануға болмайтын жағдайлар

- әсер етуші затқа (заттарға) немесе 6.1-бөлімде аталған қосымша заттардың кез келгеніне аса жоғары сезімталдық

- препарат моноаминоксидаза А немесе В тежегіштерімен бір мезгілде және қабылдағаннан кейін екі апта бойы (фенелзин, изокарбоксазид, селегилин, моклобемид) қолданылмауы тиі

- емшек емізу кезеңі

Егер пациентті мұқият бақылау және артериялық қысымды мониторингтеу мүмкін болмаса, Линозидті келесі қатарлас клиникалық жағдайлары бар пациенттерге немесе бір мезгілде мынадай дәрілік препараттармен тағайындауға болмайды:

* бақыланбайтын артериялық гипертензия, феохромоцитома, карциноид, тиреотоксикоз, биполярлық депрессия, шизоаффективтік бұзылыс, қатты бас айналуы және сананың шатасуы.

• келесі дәрілік препараттардың кез келгенімен бір мезгілде қабылдаған кезде: серотонинді кері қармау тежегіштері (4.4-бөлімді қараңыз), үшциклдық антидепрессанттар, серотониннің 5-НТ1-рецепторларының агонистері (трипандар), симпатомиметиктер (адренергиялық бронходилататорларды қоса, псевдоэфедрин, фенилпропаноламин), вазопрессорлар (эпинефрин, норэпинефрин), дофаминергиялық қосылыстар (допамин, добутамин), петидин немесе буспирон.

4.4 Айрықша нұсқаулар және қолданған кездегі қажетті сақтандыру шаралары

Миелосупрессия

Линезолидті қабылдайтын кейбір пациенттерде миелосупрессияның (анемияны, лейкопенияны, панцитопенияны және тромбоцитопенияны қоса алғанда) туындағаны туралы хабарланды. Линезолидті тоқтатқаннан кейін белгілі нәтиже болған жағдайларда қанның өзгерген параметрлерінің көрсеткіштері емдеу басталғанға дейін байқалған мәндерге қайтарылды. Осы әсерлердің қауіптері, шамасы, емдеу ұзақтығымен байланысты. Егде жастағы пациенттерде линезолидті қолдану жасырақ адамдармен салыстырғанда қанның патологиялық өзгерістерінің пайда болу қаупінің жоғары болуымен қатар жүруі мүмкін. Бүйректің ауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерде (олар диализ процедурасынан өтетініне қарамастан) тромбоцитопенияның даму жиілігінің жоғарылауы мүмкін. Осылайша, мұндай науқастарда қан формуласын мұқият бақылау қажет: анемиясы, гранулоцитопениясы немесе тромбоцитопениясы бар пациенттер; гемоглобин деңгейін төмендетуге, қанның нысанды элементтерінің санын азайтуға немесе тромбоциттердің санына немесе функционалдық белсенділігіне теріс әсер етуге қабілетті ілеспе препараттар алатын пациенттер; бүйрек жеткіліксіздігінің ауыр түрімен ауыратын пациенттер; линезолидпен емдеу курсы 10-14 күннен асатын пациенттер. Мұндай науқастарды емдеу үшін линезолидті гемоглобин деңгейін, лейкоциттер санын және тромбоциттер санын мұқият бақылаумен бірге қолданған жөн.

Егер линезолидпен емдеу кезінде елеулі миелосупрессия дамыса, емді тоқтату қажет. Емдеуді жалғастыру өте қажет деп танылған жағдайлар ерекше жағдай болып табылады. Мұндай жағдайларда жалпы қан талдауының көрсеткіштеріне мұқият мониторинг жүргізу және емдеудің тиісті стратегияларын енгізу қажет.

Бұдан басқа, қан талдауының бастапқы көрсеткіштеріне қарамастан, линезолидпен емделетін пациенттерде апта сайын жалпы қан талдауының көрсеткіштеріне (гемоглобин деңгейін, тромбоциттер санын, лейкоциттердің жалпы санын және жайылған лейкоциттік формуланы айқындауды қоса алғанда) мониторинг жүргізу ұсынылады. 28 күн ішінде линезолид алған пациенттер тобында препаратты көп рет

қолданатын зерттеулерде (емдеудің ең жоғары ұсынылған ұзақтығы) ауыр анемияның туындау жиілігінің жоғарылауы байқалды. Мұндай науқастар қан құюды жиі қажет етті. Қан құю қажеттілігі бар анемия жағдайлары туралы маркетингтен кейінгі кезеңде де хабарланды. Мұндай анемия линезолитті >28 күн ішінде қабылдаған пациенттерде жиі кездеседі. Сондай-ақ, маркетингтен кейінгі кезеңде сидеробласты анемия жағдайлары туралы хабарланды. Емдеудің басталу уақыты белгілі болған жағдайлардың ішінде пациенттердің көпшілігі >28 күн ішінде линезолит алды. Линезолитті тоқтатқаннан кейін пациенттердің көпшілігі анемияны емдеу нәтижесінде немесе тіпті емделусіз толық немесе ішінара қалпына келді.

Катетерлерді пайдаланумен байланысты және грамоң қоздырғыштар тугызған қан ағымы инфекциялары бар пациенттердің қатысуымен клиникалық зерттеудегі өлім-жітімнің сәйкессіздігі.

Катетерлерді пайдаланудан туындаған ауыр тамырішілік инфекциялары бар пациенттердің қатысуымен ашық зерттеу барысында ванкомицин/диклоксацилин/оксациллинмен емдеу топтарымен салыстырғанда (58/363 (16,0%) қарсы 78/363 (21,5%) линезолит қолданған пациенттер тобында өлім-жітімнің өсуі байқалды. Өлім-жітім жиілігіне әсер етудің негізгі факторы бастапқы деңгейдегі грам-оң инфекция жағдайы болды. Тек қана грамоң организмдерден туындаған инфекциялары бар пациенттердегі өлім-жітім жиілігі салыстырмалы болды (сәйкессіздік коэффициенті 0,96, 95% сенімділік аралығы 0,58–1,59), бірақ линезолитпен емдеу тобында қандай да бір басқа қоздырғышы бар немесе бастапқы деңгейде қоздырғыштары жоқ пациенттерде өлім-жітім жиілігі едәуір жоғары болды ($p = 0,0162$) (сәйкессіздік коэффициенті 2,48, 95% сенімділік аралығы 1,38–4,46). Ең үлкен сәйкессіздік емдеу кезінде және зерттелетін препаратты тоқтатқан сәттен бастап 7 күн ішінде байқалды. Зерттеу барысында линезолитпен емдеу тобында зерттеу барысында грамтеріс инфекциялар дамыған адамдар, сондай-ақ грамтеріс қоздырғыштар мен полимикробтық инфекциялардан туындаған инфекциялардан қайтыс болған пациенттер саны көп болды. Осылайша, грамтеріс қоздырғыштармен астасқан инфекция анықталған немесе күдікті пациенттерде терінің және жұмсақ тіндердің асқынған инфекцияларында линезолитті емдеудің басқа нұсқалары болмаған кезде ғана қолдану керек (4.1-бөлімін қараңыз). Мұндай жағдайларда грам-теріс инфекцияны қатар емдеуді бастау керек.

Антибиотиктерді қолданумен байланысты диарея және колит.

Линезолитті қоса алғанда, барлық дерлік антибиотиктерді қолданғанда антибиотиктерді қолданумен байланысты диарея мен колиттің, жалған жарғақшалы колит және *Clostridium difficile* байланысты диареяның туындағаны туралы хабарланды, олардың көріністерінің ауырлығы орташа диареядан өліммен аяқталған колитке дейін ауытқуы мүмкін. Осылайша, бұл диагнозды линезолитті қолдану кезінде немесе одан кейін диарея дамыған науқастарда ескеру қажет. Антибиотиктерді қолданумен байланысты диареяға немесе колитке күдік болғанда немесе осы диагнозды растағанда бактерияға қарсы препараттармен (линезолитті қоса) ағымдағы емдеуді тоқтатып, тиісті емдік іс-шараларды дереу бастау қажет. Мұндай жағдайларда перистальтиканы басатын препараттарды қолдануға болмайды.

Лактоацидоз.

Линезолитті қолданған кезде лактоацидоздың дамуы туралы хабарланды. Линезолитті қолданған кезде қайталанатын жүрек айнуын немесе құсуды, іштің ауыруын, бикарбонаттардың төмен деңгейін немесе гипервентиляцияны қоса алғанда, метаболизмдық ацидоздың симптомдары мен көріністері пайда болатын пациенттер дереу медициналық көмекке жүгінуі тиіс. Сүт қышқылы ацидозы дамыған жағдайда линезолитпен әрі қарай емдеудің пайдасы мен ықтимал қауіптерін өлшеу қажет.

Митохондрияның дисфункциясы.

Линезолит ақуыздардың митохондриялық синтезін басады. Осы депрессияның нәтижесінде лактоацидоз, анемия және нейропатия (шеткері және көру жүйкесі) сияқты

жағымсыз реакциялар дамуы мүмкін. Бұл құбылыстар препаратты >28 күн бойы қолданғанда жиі кездеседі.

Серотонин синдромы.

Линезолидті және серотонинергиялық препараттарды бір мезгілде қолданумен байланысты серотонин синдромының дамуы туралы кенеттен хабарламалар келіп түсті, соның ішінде серотонинді кері қармаудың селективті тежегіштері (ССРИК) сияқты антидепрессанттарды қоса. Осылайша, линезолидті және серотонинергиялық препараттарды бір мезгілде қолдануға болмайды (4.3-бөлімін қараңыз), линезолидті де, онымен бірге серотонинергиялық препараттарды да қолдану өте маңызды болған жағдайларды қоспағанда. Мұндай жағдайларда пациент серотонин синдромының симптомдарын, мысалы, когнитивті функцияның бұзылуы, гиперпирексия, гиперрефлексия және қозғалыс үйлесімділігінің бұзылуы сияқты белгілерді анықтау үшін мұқият бақылауда болуы керек. Мұндай симптомдар пайда болған жағдайда дәрігер қандай да бір препаратты тоқтату мүмкіндігін қарастыруы тиіс. Серотонинергиялық препаратты тоқтатқаннан кейін тоқтату симптомдары пайда болуы мүмкін.

Шеткері нейропатия және көру жүйкесінің нейропатиясы.

Шеткері нейропатияның, сондай-ақ көру жүйкесінің нейропатиясының дамуы туралы хабарланды, ол кейде линезолидпен ем қабылдаған пациенттерде көру қабілетінің жоғалуына дейін үдеді. Мұндай хабарламалар, ең алдымен, >28 күн ішінде ем қабылдаған пациенттерге қатысты болды. Барлық пациенттерге көру қабілетінің бұзылуының белгілері туралы, мысалы, көру өткірлігінің өзгеруі, түс ажыратудың өзгеруі, бұлыңғыр көру немесе көру аймағының бір бөлігінің жоғалуы туралы хабарлау қажет. Мұндай жағдайларда, қажеттілігі болса, офтальмологқа жіберіп шұғыл тексеру жүргізу ұсынылады. Егер пациент линезолидті ұсынылған 28 күннен ұзақ қабылдаса, көру қабілетін үнемі бақылау керек. Шеткері нейропатия немесе көру жүйкесінің нейропатиясы дамыған жағдайда линезолидпен әрі қарай емдеудің пайдасын және ықтимал қауіптерді өлшеу қажет. Туберкулез кезінде емдеу үшін бактерияға қарсы препараттармен ем алатын немесе жақында қабылдаған пациенттерде линезолидті қолданғанда нейропатияның даму қаупінің өсуі мүмкін.

Құрысулар.

Линезолидпен ем қабылдаған пациенттерде құрысулар жағдайлары туралы хабарланды. Көп жағдайда олар анамнездегі құрысулар сияқты қауіп факторы туралы хабарлады. Пациенттер бұрын құрысулар болған жағдайда дәрігерге хабарлауы керек. *МАО тежегіштері.*

Линезолид қайтымды әсер ететін МАО селективті емес тежегіші болып табылады. Алайда, бактерияға қарсы ем үшін қолданылатын дозаларда ол бәсеңдететін әсер көрсетпейді. Дәрілік препараттардың өзара әрекеттесуін зерттеу және линезолидтің қауіпсіздігін зерттеу барысында негізгі аурулары бар және/немесе МАО-ның бәсеңдеуі салдарынан белгілі бір қауіптер туындайтын препараттармен қатарлас емделген пациенттерде линезолидті қолдану туралы деректердің өте шектеулі саны алынды. Сондықтан, егер пациенттің жағдайын мұқият бақылау және бақылау мүмкін болмаса, мұндай жағдайларда линезолидті қолдану ұсынылмайды (4.3 және 4.5-бөлімдерді қараңыз).

Тираминмен қаныққан өнімдермен бірге қолдану

Пациенттерге тираминмен байытылған өнімдердің көп мөлшерін тұтынудан аулақ болу ұсынылады (4.5-бөлімін қараңыз).

Асқын инфекция.

Клиникалық сынақтар кезінде линезолидтің қалыпты микрофлораға әсері зерттелді. Антибиотиктерді қолдану кейде сезімтал емес микроорганизмдердің шамадан тыс өсуіне әкелуі мүмкін. Мысалы, ұсынылған дозаларда линезолид қабылдаған пациенттердің $\approx 3\%$ -ында клиникалық зерттеулер барысында препаратты қолданумен

байланысты кандидоздың пайда болуы байқалды. Емдеу кезінде асқын инфекция пайда болған жағдайда тиісті шаралар қабылдау керек.

Пациенттердің ерекше топтары.

Бүйректің ауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерді емдеу үшін линезолидті сақтықпен және күтілетін пайда қауіптен асатын жағдайларда ғана қолданған жөн (4.2 және 5.2-бөлімдерді қараңыз).

Бауырдың ауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерді емдеу үшін линезолидті күтілетін пайда қауіптен асатын жағдайларда ғана қолдану ұсынылады (4.2 және 5.2-бөлімдерді қараңыз).

Фертильді функцияның бұзылуы.

Линезолид фертильділікті кері төмендетеді және адам үшін күтілгенге ұқсас деңгейге ұшыраған кезде еркек егеуқұйрықтарының сперматозоидтарының аномальді морфологиясын тудырды. Линезолидтің ерлердің ұрпақ өрбіту функциясына әсер ету мүмкіндігі туралы белгісіз (5.3-бөлімін қараңыз).

Клиникалық зерттеулер.

Линезолидтің қауіпсіздігі мен тиімділігі >28 күн ішінде қолданғанда жеткілікті зерттелмеген. Бақыланатын клиникалық сынақтарға табанның диабеттік зақымдануы, ойылулары немесе ишемиялық зақымданулары, ауыр күйіктері немесе гангрена бар пациенттер қатысқан жоқ. Тиісінше, мұндай жағдайларды емдеу үшін линезолидті қолдану тәжірибесі шектеулі.

Қосымша заттар.

Линозид препаратының әрбір мл құрамында 50,24 мг (15,072 г/300 мл) декстроза моногидраты бар. Мұны қант диабеті немесе глюкозаға төзімділіктің бұзылуымен сипатталатын басқа жағдайлар бар пациенттерде ескеру қажет. Сондай-ақ, Линозидтің әр мл құрамында 0,38 мг (114 мг/300 мл) натрий бар. Бұған натрий мөлшері бақыланатын диетадағы пациенттерде назар аудару қажет.

4.5 Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің басқа да түрлері

MAO тежегіштері.

Линезолид - қайтымды әсер ететін селективті емес MAO тежегіштері. Дәрілік препараттардың өзара әрекеттесуін зерттеулерде және линезолидтің қауіпсіздігін зерттеулерде MAO-ның бәсеңдеуі салдарынан белгілі бір қауіп тудыратын препараттармен ем алатын пациенттерде линезолидті қолдану туралы деректердің өте шектеулі саны алынды. Сондықтан, егер пациенттің жағдайын мұқият бақылау және бақылау мүмкін болмаса, мұндай жағдайларда линезолидті қолдану ұсынылмайды (4.3 және 4.4-бөлімдерді қараңыз).

Қан қысымының жоғарылауына әкелетін ықтимал өзара әрекеттесулер.

Қалыпты қан қысымы бар сау еріктілерде линезолид жалған эфедрин мен фенилпропаноламид гидрохлоридінен туындаған қан қысымының жоғарылауын арттырады. Линезолид пен жалған эфедринді немесе фенилпропаноламид гидрохлоридін біріктіріп енгізу систолалық АҚ-ның орта есеппен 30-40 мм с.б. өсуіне әкеледі. 11-15 мм с.б. өсіммен салыстырғанда тек линезолидтің әсерінен, 14-18 мм с. б. тек жалған эфедрин немесе фенилпропаноламиннің әсерінен және 8-11 мм с.б. - плацебо қолданған кезде. Артериялық гипертензиясы бар пациенттердің қатысуымен ұқсас зерттеулер жүргізілген жоқ. Линезолидті осы препараттармен біріктірген кезде қажетті нәтиже алу үшін вазопрессорлық әсерін көрсететін препараттардың, оның ішінде дофаминергиялық препараттардың дозаларын мұқият таңдау ұсынылады.

Ықтимал серотонинергиялық өзара әрекеттесу.

Дені сау еріктілердің қатысуымен зерттеу барысында дәрілік препараттардың ықтимал өзара әрекеттесуі зерттелді. Қатысушылар линезолидпен біріктіріп немесе онсыз декстрометорфан (4 сағат аралықпен 20 мг 2 доза) алды. Линезолид пен декстрометорфан

қабылдаған сау еріктілерде серотонин синдромының көріністері байқалмады (сананың шатасуы, сандырақ, мазасыздық, тремор, беттің патологиялық қызаруы, қатты терлеу, гиперпирексия). Маркетингтен кейінгі пайдалану тәжірибесі: линезолид пен декстрометорфан қабылдаған пациентте серотонин синдромының көріністеріне ұқсас көріністердің пайда болуы туралы 1 хабарлама алынды; бұл көріністер препараттардың екеуін де тоқтатқаннан кейін жоғалып кетті. Линезолид пен серотонинергиялық препараттарды, соның ішінде антидепрессанттарды (ССРИҚ сияқты) клиникалық қолдану кезінде серотонин синдромының даму жағдайлары сипатталған. Осылайша, линезолид пен серотонинергиялық құралдарды қолдануға болмайды (4.3-бөлімін қараңыз). Линезолидпен де, серотонинергиялық дәрілермен де емдеуді қажет ететін пациенттерді жүргізу 4.4-бөлімде сипатталған.

Тираминмен қаныққан өнімдермен бірге қолдану.

<100 мг мөлшерінде линезолид пен тирамин алған пациенттерде елеулі вазопрессорлық әсер байқалмады. Бұл тираминнің көп мөлшері бар тағамдар мен сусындарды (атап айтқанда, піскен ірімшіктер, ашытқы экстракттері, тазартылмаған алкогольді ішімдіктер және соя соусы сияқты соя бұршағынан ашытылған соя өнімдері) артық тұтырудан аулақ болу қажеттілігін көрсетеді.

P450 цитохромы арқылы метаболизденетін препараттар.

Линезолид P450 (CYP 450) цитохромының индукторы болып табылмайды. Сонымен қатар, линезолид адамда клиникалық маңызды CYP изоформаларының белсенділігін тежемейді (мысалы 1A2, 2C9, 2C19, 2D6, 2E1, 3A4). Сондықтан линезолидтің осы негізгі ферменттермен метаболизденетін басқа дәрілік заттардың фармакокинетикасына әсері күтілмейді.

Рифампицин.

Рифампициннің линезолидтің фармакокинетикасына әсері он алты сау ер еріктілерде зерттелді, олар күніне екі рет 600 мг линезолидті 2,5 күн ішінде рифампицинмен 600 мг күніне бір рет 8 күн бойы және онсыз алды. Рифампин мен линезолидті бір мезгілде қолдану линезолидтің C_{max}-ін 21% - ға [90% ДИ, 15, 27] төмендетуге және линезолидтің AUC-ін 32% - ға [90% ДИ, 27, 37] төмендетуге әкелді. Осы өзара әрекеттесудің клиникалық маңыздылығы анықталған жоқ. Осы өзара әрекеттесудің механизмі толық зерттелмеген және бауыр ферменттерінің индукциясымен байланысты болуы мүмкін.

Варфарин

Варфаринмен тұрақты күйдегі қосымша ем кезінде линезолид орташа ең жоғары ХҚҚ 10%-ға төмендеуі және ХҚҚ AUC 5%-ға төмендеуі байқалды. Варфарин мен линезолид қабылдаған пациенттер туралы деректер осы нәтижелердің ықтимал клиникалық маңыздылығын бағалау үшін жеткіліксіз.

4.6 Фертильділік, жүктілік және лактация.

Жүктілік

Жүкті әйелдерде Линозид препаратын қолдануға қатысты тиісті деректер жоқ. Жануарларды зерттеу нәтижелері ұрпақ өрбіту уыттылықтың болуын көрсетті. Адам үшін ықтимал қауіп бар. Линозидті жүктілік кезінде тек анасы үшін болжалды пайдасы шарана үшін ықтимал қауіптен асып түсетін жағдайларда ғана қолдануға болады.

Емшек емізу

Жануарларды зерттеу нәтижелері линезолид пен оның метаболиттері емшек сүтіне ене алатындығын көрсетті. Препаратпен емдеу кезінде бала емізуді тоқтату керек.

Фертильділік

Жануарларды зерттеуде линезолид фертильділіктің төмендеуіне әкелді (5.5 бөлімін қараңыз).

4.7 Көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне ықпал етуі

Емдеу кезеңінде автокөлік жүргізгенде немесе жоғары зейін шоғырландыру мен психомоторлық реакциялардың жылдамдығын қажет ететін басқа қауіптілігі зор қызмет түрлерімен шұғылданғанда сақтық таныту қажет.

4.8 Жағымсыз реакциялар

Линезолид емімен себеп-салдарлық байланысы бар жағымсыз реакциялар туралы деректер 28 күн ішінде дәрілік затты ұсынылған дозаларда қабылдаған 2000-нан астам пациент қатысқан клиникалық зерттеулер жүргізу барысында алынды.

Диарея (8,4%), бас ауруы (6,5%), жүрек айнуы (6,3%) және құсу (4,0%) сияқты жағымсыз реакциялар жиі байқалды.

Жағымсыз реакциялардың дамуы салдарынан линезолидпен емдеуді жиі тоқтату бас ауруымен, диареямен, жүрек айнуымен және құсумен байланысты болды; пациенттердің шамамен 3%-ы жағымсыз реакциялардың дамуы себебінен емдеуді тоқтатты.

Маркетингтен кейінгі кезеңде қосымша жағымсыз реакциялар тіркелді, олардың пайда болу жиілігін қолда бар деректер негізінде бағалау мүмкін емес, сондықтан олар «жиілігі белгісіз» санатына жатқызылды.

Линезолидті қолдану кезінде байқалған жағымсыз реакциялар MedDRA бойынша жүйелік-ағзалық сыныптарға сәйкес төменде келтірілген. Жағымсыз реакциялар жиілігінің параметрлері былайша анықталады: өте жиі ($\geq 1/10$); жиі ($\geq 1/100$, бірақ $< 1/10$); жиі емес ($\geq 1/1000$, бірақ $< 1/100$); сирек ($\geq 1/10000$, бірақ $< 1/1000$); өте сирек ($< 1/10000$); жиілігі белгісіз (қолда бар деректер бойынша бағалау мүмкін емес).

Жұқпалы және паразиттік аурулар: жиі - кандидоз, ауыз қуысының кандидозы, қынаптың кандидозы, зең инфекциялары; жиі емес - вагинит; сирек - антибиотикпен байланысты колит, оның ішінде псевдомембранозды колит*.

Қан және лимфа жүйесі тарапынан: жиі-анемия*#; жиі емес - лейкопения*, нейтропения, тромбоцитопения*, эозинофилия; сирек - панцитопения*; жиілігі белгісіз - миелосупрессия*, сидеробластты анемия*.

Иммундық жүйе тарапынан: жиілігі белгісіз - анафилаксия.

Зат алмасу және тамақтану тарапынан: жиі емес - гипонатриемия; жиілігі белгісіз - лактоацидоз*.

Психиканың бұзылулары: жиі-ұйқысыздық.

Жүйке жүйесі тарапынан: жиі - ас ауыруы, дәмнің бұрмалануы (ауыздағы металл дәмі), бас айналу; жиі емес - құрысулар*, гипестезия, парестезия; жиілігі белгісіз - серотонин синдромы[^], шеткергі нейропатия*.

Көру мүшесі тарапынан: жиі емес - көру айқындығының бұзылуы*; сирек - көру өрісінің ақаулары*; жиілігі белгісіз - оптикалық нейропатия*, көру жүйкесінің невриті*, көру қабілетінің жоғалуы*, көру өткірлігінің өзгеруі*, түс ажыратудың өзгеруі*.

Есту мүшелері тарапынан және лабиринтті бұзылулар: сирек - құлақтағы шуыл.

Жүрек тарапынан: жиі емес - аритмия (тахикардия).

Тамырлар тарапынан: жиі-артериялық гипертензия; жиі емес-транзиторлы ишемиялық шабуылдар, флебит, тромбофлебит.

Асқазан-ішек жолы тарапынан: жиі - диарея, жүрек айну, құсу, іштің локализацияланған немесе таралған ауыруы, іш қату, диспепсия; жиі емес - панкреатит, гастрит, іштің кебуі, ауыздың құрғауы, глоссит, сұйық нәжіс, стоматит, тілдің түсінің өзгеруі және бұзылуы; сирек - тістердің түсінің беттік өзгеруі.

Бауыр мен өт шығару жолдары тарапынан: жиі - бауырдың функционалдық көрсеткіштері тарапынан бұзылулар; қандағы аспартатаминотрансфераза, аланинаминотрансфераза немесе сілтілі фосфатаза деңгейінің жоғарылауы; жиі емес - қандағы жалпы билирубин деңгейінің жоғарылауы.

Тері және тері асты тіндері тарапынан: жиі - қышыну, бөртпе; жиі емес - есекжем, дерматит, қатты терлеу; жиілігі белгісіз - Стивенс-Джонсон синдромы және уытты

эпидермальді некролиз, ангионевроздық ісіну, алопеция сияқты терінің буллездік зақымдануы.

Бүйрек және несеп шығару жолдары тарапынан: жиі - қан мочевинасының азот деңгейінің жоғарылауы; жиі емес - бүйрек жеткіліксіздігі, қандағы креатинин деңгейінің жоғарылауы, полиурия.

Жыныс мүшелері мен сүт безі тарапынан: жиі емес - вульвовагинальды бұзылулар.

Жалпы бұзылыстар және енгізу орнындағы бұзылулар: жиі - дене температурасының жоғарылауы, локализацияланған ауырсыну; жиі емес - қалтырау, әлсіздік, инъекция орнындағы ауырсыну, айқын шөлдеу.

Зертханалық және аспаптық зерттеулердің нәтижелеріне әсері: жиі - қандағы лактатдегидрогеназа, креатинкиназа, липаза, амилаза және постпрандиальді глюкоза деңгейінің жоғарылауы, қандағы жалпы ақуыз, альбумин, натрий немесе кальций деңгейінің төмендеуі, қандағы бикарбонаттар немесе калий деңгейінің жоғарылауы немесе төмендеуі, қандағы нейтрофилдер немесе эозинофилдер санының жоғарылауы, гемоглобин, гематокрит немесе эритроциттер санының төмендеуі, тромбоциттер немесе лейкоциттер санының жоғарылауы немесе төмендеуі; сирек - қандағы натрий немесе кальций деңгейінің жоғарылауы, қандағы қандағы хлоридтер деңгейінің жоғарылауы немесе төмендеуі; қандағы ретикулоциттер санының жоғарылауы, қандағы нейтрофилдер санының төмендеуі.

* 4.4 бөлімін қараңыз.

^ 4.3 және 4.5 бөлімдерін қараңыз.

Төмендегіні қараңыз

Линезолидті қолданғанда сирек, іштің локализацияланған ауыруы, транзиторлы ишемиялық шабуылдар және артериялық гипертензия сияқты жағымсыз реакциялар ауыр ағымға ие болды.

